

ЖШС «Нұр-Арай» бөбекжай балабақшасы



2022-2023 оқу жылының меңгеруші жанындағы кеңестер
хаттамалары

2022-2023 оқу жылы

Уақыты: 09.09.2022 ж

Әкімшілік жиналыс хаттамасы № 1

Қатысқандар 4

қатыспағандар

Күн тәртібінде

- 1.Мемлекеттік ЖМБ Стандартының талаптарын орындау үшін ата-аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштарды жаңарту
- 2.Балалардың балабақшада адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралар
- 3.Ертеңгіліктер мен сауықтыру шараларын талдау және бекіт

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселелер бойынша балабақша

меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева баяндама жасады

Әр топтың ата-аналар бұрыштары мен топ бұрыштары талапқа сай жабдықталған

Баланың балабақшаға бейімделуі өзінің психологиялық және тұлғалық ерекшеліктеріне ,отбасылық қарым қатнастарына мекемедегі шарттарына байланысты 2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс себебі әр бала жаңа жағдайға әртүрлі бейімделеді . Соғымен қатар тәрбиешінің баламен қарым- қатнасына да байланысты деді ,

/баяндама қоса тігілді/

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ертеңгіліктермен сауықтырулар жоспары таныстырылды

Сөз сөйлегендер

Ж.Минапова—Тәрбиеші

Жаңа оқу жылында жаңартылған бағдарлама бойынша балалардың білімін дамытып отырамыз.Ертеңгіліктерді талапқа сай өткіземіз.Ата –аналар бұрышын үнемі жаңалап жаңартып отырамыз.Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту ұйымдастырылған іс- әрекеті арқылы күн сайын ойын түрінде балалардың түрлі әрекеттерінде іске асырамыз.

М.Бейсенбаева-Тәрбиеші

Баланың дұрыс дамуы үшін алдымен олардың танымдық қабілеттерін арттыру орынды деп есептеймін құрастыруына мүмкіндік жасап отырамыз .Ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ,еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образынөздігімен сомдауға ынталандырамыз

Қаулы етеді

- 1.Барлық баяндамалар қанағаттанарлық деп есептелсін

- 2.Ертеңгіліктермен мерекеліктердің жоспары талап қа сай деп табылып бекітілсін
3. .Ертеңгіліктермен мерекеліктердің жоспары сай өткізу тәрбиешілер ден сұралсын
- 4.Танымдықжәне зиаткерлік дағдыларды дамыту саласы бойынша жұмыстар баланың жас ерекшіліктеріне сай бағдарлама негізінде жүргізу тәрбиешілерге жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



А.Т.Сарсенбаева
М.Бейсенбаева

№2 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

15.11.2022 ж

Жиналғандар саны -4

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Кіріс құжаттарды талқылау,381 бұйрық. *және* педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы
3. Ұйымдастырылған байқаулар мен көрмелердің ережелерінің бекітілуі.
4. Іс-шаралардың сценариін бекіту.

Тыңдалды : балабақша меңгерушісі А.Сарсенбаева өткен кеңестің қаулыларының орындалуына есеп берді. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтып өтті. Дегенмен топтарда театр құралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын құралдары толық жасалмағанын ескертті.

Меңгеруші А.Сарсенбаева тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді.Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге «Қазақ тілім- ана тілім» апталығының өткізілуіне тоқталды.

«Қарлығаш» ересек тобының «Менің көңілді достарым» ашық тәрбие сағаты өтті. Балалар тақпақтарын жаттап, ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке белсене қатысып , берілген сұрақтарға , тапсырмаларға белсенді жауап беріп отырды.

Тәрбиеші М.Бейсенбаева ортаңғы «Балауса» тобында «Тіл халық қазынасы» ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті талапқа сай дайындалған. Көрнекі құралдар алдын ала дайындалған. Топтан 20 бала қатысып отырды. Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды.

Меңгеруші келісім берді.

Сөйледі: Алтын күз ертеңгілігінде «Көңілді дәрумендер» көрмесі ұйымдастырылды. Әдеттегідей ата-аналар түрлі жеміс-көкөністерден өз қолдарымен жасаған көрмені ұйымдастырды. Көрмені бағалау мен қорытындылауда балабақша меңгерушісі А. Сарсенбаева сөз алды: Ата-аналарға рахмет, балаларға жақсы көңіл күй сыйлады. Ертегілер кейіпкерлерін сомдап, балалар керемет әсер алды. Белсене қатысқан ата-аналарға алғыс хаттар берілді.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Сарсенбаева кіріс құжаттармен таныстырып өтті. Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Мектепке дейінгі білім беру департаментінің 2022 жылғы 01 желтоқсандағы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығын түсіндіру және 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын уақтылы орналастыру жұмыстары бойынша арнайы басқармалардан мамандардың қатысуымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2024 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын уақтылы орналастыру бойынша бұйрықта көрсетілген балабақшаның тиісті құжаттарын электрондық үкіметтің «веб-порталы» арқылы www.egov.kz, www.elicense.kz мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелерге енгізу жұмыстарын жүргіздік. Балабақша 381 ші бұйрықтағы талаптарға сай жұмыс жасауымыз керек деп айтып өтті.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Анар Сарсенбаева Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы -Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары туралы оқып берді.

Педагогтардың лауазымдық міндеттерімен таныстырып өтті, біліктілікке қойылатын талаптар және нені білуі тиіс оқып таныстырды.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева сөйледі.

-Қараша айында дидактикалық ойындар жинағының көрмесін өтеміз деп жоспарлап отырмыз. Түрлі дидактикалық ойындардың жиынтығының және көрнекіліктерінің көрмесін ұйымдастырсақ деп едік.

Дидактикалық ойын арқылы балалардың білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлға дамуын қалыптастыруға болады. Оларды әр оқу іс-әрекетінде және балалардың өз бетінше жұмыс істегенінде қолданамыз. Балаларды заттың сын-сипатын біліп, қортындылауға, салыстыруға жүйелеуге үйретеді. Дидактикалық ойындар тақырыпқа байланысты қолданылады. Тапсырма берер алдында оны балаларға түсіндіру, тексеру қажет. Дидактикалық ойындар, ойын тапсырмалар біртіндеп күрделенеді, сондықтан оларды ретімен орындату қажет. Әрбір ойынға балалар қызыға қатысады. Балабақша тәрбиешісі өзін жай ғана тәрбиешімін деп қарамай, жалпы мәдинетін және кәсіби біліктілігі мен даярлығын жетілдіру қажет. Ойын балалардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал.

-Дидактикалық ойындар жиынтығын жинап, көрнекіліктерін жасаудан көрме ұйымдастырайық.

-Дидактикалық материалдар көбейтілсе.

-Әр кабинеттерде дидактикалық бұрыштар жасақталса.

Сөйлегендер: Балабақша тәрбиешісі Ж.Минапова сөйледі.

- Желтоқсан айында Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тұғыры биік, тәуелсіздік» атты салтанатты іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Бұл шараның мақсаты: балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, халқының тарихын білуге үйрету, Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру; Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын, қоғамның бір мүшесі болатын ретінде адам құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту.

Тәрбиешілер түгел формада, сән мен мән беретін үлгіде болуға шақырамын. Балаларымыз мерекені сезініп, оларда патриоттық сезім оянып, рухани байлық алып, естерінде қалатындай болуға тиісті деп ойлаймын. Ал жаңа жыл мерекелік іс шараға келсек, әрине ең бірінші ата-аналар шақырылып жиналыс өткізесіздер. Тез жанатын үлпілдек, түкті кімдерге абай болсын. От шашулар да абайлап пайдалансын. Өрт қауіпсіздігін сақтауды ескертіңіздер және де жаңа жылдық сыйлық тартулар балаға зиянсыз, сапалы тиімді болсын, соны да есте сақтауды ескертіңіздер. Ал мерекелі бағдарлама әрине қысқы,

тартымды, сиқырлы сәттерге толы әдемі костюмде болу. Зал мерекеге сай безендірілген.. Ата-аналарды қызықты өткізуге іс-шараға белсене қатысуға тырысыңыздар.Барлық бала ойын сауыққа белсене қатыстырылсын тыс қалмасын.

Сонымен бірге тәрбиеші М.Бейсенбаева Жаңа жыл мерекесі ертеңгілігі сценариімен таныстырды. Ертеңгілік бала жасына сай, таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Музыкант жаңа жыл ертеңгілігін 25-27 өткізуді ұсынды.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты: меңгеруші
2. Барлық оқу тәрбие жұмысында тіліміздің мәртебесі биік болып, дамыту жұмыстарын жүргізу. Бағдарламалар бекітіліп , мерекелер атап өтілсін. Жауапты: тәрбиешілер, ән жетекшісі, әдіскер
3. Тәрбиешілер біліктілікті арттыру курстарына қатыстырылсын.
4. Ұйымдастырылатын көрмелердің ережелері толықтырылып, бекітілсін.

Жиналыс төрайымы
Хатшы:



А.Т.Сарсенбаева
М.Бейсенбаева

ӘКІМШІЛІК ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №3

Қатысқандар 4
Қатыспағандар -
23.02.2023ж

Күн тәртібінде

3-4 жас балаланың ойын арқылы сөйлеу және сыни тұрғыдан ойлау техникасы бойынша құзыреттілікті меңгерту

2. Тамақтануды ұйымдастыруды сапасын бақылау

3. Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингінің талдау /топтар бойынша /

ТЫҢДАЛДЫ

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша б/б тәрбиешісі Н.Имамқұлованың баяндамасы тыңдалды

ЖШС «Нұр-Арай» б/б медбикесі Г.Муталиева сөз алып быйылғы жылдан тамақты парталға жариялап сол жерде Олар ұтып алып ,бізге азық түлік жеткізіліп отыруға келісіп ,келісім шарт жасасқан туралы атап өтті. Азық түліктер өте сапалы әр қаиссының сертификаттарын тексеріліп отыратынын уақытылы жеткізілетіндігін және аудандағы өндірістік бақыллаумен и келісім шарт жасап ,ол мекемен тамақтың құнарлығын арнайы тексеруден өткізіпбізге жауабын жолданып отыратындығын айтты .Нарықтық эканомика жағдаиында тамақ өнімдерінің сапасын қауіпсіздік қатарында төмен табысты халық категорияларын үшін олардың балаларының да қол жетімді болуы маңызды болып табылатын атап айтты .

3-мәселе бойынша б/б меңнеруші А.Т.Сарсенбаева «Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамассыз етуде мд жастағы балалардың біліктері мен дағдылары дамытудың маңызы зор.Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педогогтың баланыңдамуынын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылып әр баланың мүмкіндігін білімдігін анықтап отырады»деді.

Әкімшілік жиналыс хаттамасы №4

Қатысқандар -4

Қатыспағандар –

27.04.2023ж

Күн тәртібі

1. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан –жақты дамуына жағдайлар туғызу
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға денсаулық сақтау технологиясын пайдаланудың тиімділігі
3. Күн тәртібі мен топтардың санитарлық –гигиеналық жағдайы

ТЫҢДАЛДЫ

Б/Б меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева баяндамасында «Дене дамуының бала ден саулық жағдайының ең ақпаратты және сезімтал кретийлерінің бірі болып табылады .Дене дамуы деп әр бір нақты жас кезінде баланың өсуі және дамуы үрдістерін көрсететін ағзаның марфиалогиялық және функционалдық сипаттамалардың жиынтығын айтады» -деді. /баяндама қоса тігіледі/

Күн тәртібінде 2- мәселе бойынша да тәрбиеші М.Бейсенбаеваның баяндамасы тыңдалды .

3- мәселе бойынша б/б медбикесі Г.Муталиеваның балабақшадағы күн тәртібі балалардың өмірі біркелкі және жайлы болатындай етіп ұйымдастырылады .Баланың жеке бас гигиенасының талаптарын сақтауға баулу олардың саналы түрде қоғамға қажетті т үрде негізгі ережелерін сақтап жүруді қалыптастырады . деп ойын айтса б/б меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева

Балабақшадағы топтардың күн тәртібі балалардың жасына баиланысты жасалады . Әр бір пед кеңесте куәләндіріліп бекітілген күн тәртібі бар .Сонымен балабақшаның кіші тобындағы күн тәртібі гигиеналық рәсімдерге негізгі мәдени ж/е жеке дағдыларға үйретуге ерекше назар аударылады Кесте жасалған балаларды шешіндіру ,киіндіру ,гигиеналық процедураларды өткізу және тамақтандыру уақытылы ескерілу қажет екенін баса айтты .

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Шаруашылық меңгерушісі А.Байжигитова Күнделікті тұтынатын тағамдарымыздың құрамында табиғи өнімдердің сапасы анықталып баланың ағзасына пайдалы дәрумендерге бай болу маңызды. Сондықтан азық түлік сапасының қауіпсіздігін қадағалау жауапты мамандардың (медбике ,ш/меңгерушісі)тыс қалған емес»

Тәрбиеші Н.Имамқұлова «XXI-ғсыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға саи зерделі ,ой өрісі жоғары жан жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру

мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр»Дені сау баланың ақыл ойы айқын өз өзіне сенімді жан жағына қуанышпен шаттана қарайтындаи болуы шарт.Сол себепті қазіргі замана сай жан жақты жетілген бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан имандылық әдеби парасатты бар ұрпақ тәрбиелеу ,өсіру,білім беру таңда балабақша қызметкерлерінің яғни тәрбиешілерінің тікелей міндеті деп білемін

ҚАУЛЫ

Күн тәртібіндегі 1-2 мәселе бойынша оқылған баяндамалар қанағаттанарлық деп табылсын.
Күн тәртібі мен топтардың санитарлық –гигиеналық жағдайлары бойынша балабақша медбикесі мен ш/меңгерушісі жауапты деп табылсын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



А.Т.Сарсенбаева
М.Бейсенбаева

Әкімшілік жиналыс хаттамасы №5

Уақыты: 19 мамыр 2023 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: ЖШС «Нұр-Арай» балабақшасы»

Төрайымы: – меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева

Хатшы: - тәрбиеші: М.Бейсенбаева

КҮН ТӘРТІБІ:

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
----------	---	----------------	-------------------

№5 әкімшілік жиналыс

- | | | | |
|----|---|--|--|
| 1. | №4 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы | | |
| 2. | «Балаларға ерте жастан экологиялық тәрбие берудің тиімділігі» | | |
| 3. | Кәсіподақ ұйымының жылдық жұмыс қорытындысы | | |
| 4. | Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу | | |
| 5. | Ағымдағы мәселелер | | |

I ТЫҢДАЛДЫ: №4 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгерушісі А.Т.Сарсенбаева өткен әкімшілік жиналысының шешімінің орындалысына тоқталып өтті. Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы қатаң бақылауға алынып, шөптер жұлынды, ағаштардың түптері ақталып, гүлдер отырғызылды. Топтардың ойын алаңдарындағы ойыншықтар сырланды, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Балаларға ерте жастан экологиялық тәрбие берудің тиімділігі»

СӨЙЛЕДІ меңгеруші А.Т.Сарсенбаева

табиғат-баланың алғашқы эстетикалық тәрбиешісі. Табиғатты бақылай отырып, бала оның сұлулығын көруге, түсінуге және бағалауға үйренеді. Экологиялық тәрбие - бұл күрделі педагогикалық процесс. Ол табиғатқа деген көзқарасы тұрғысынан адамның өзіне деген қарым-қатынас жүйесін қалыптастырады.

Ерте жас-қоршаған орта туралы идеяларды жинақтау үшін экологиялық білім беру үшін ең қолайлы уақыт. Дәл осы жаста балалар табиғатпен үнемі кездеседі және

олардың алғашқы сезімдері оны табиғат объектілерімен байланысты: құм мен су, жарық пен қараңғылық, аспандағы күн мен ай, жылу мен суық, ауа – райы құбылыстары-жел, жауын-шашын, дыбыстар, түстер, әр минут сайын бала әлемінде пайда болатын табиғат нысандарының пішіні. Кішкентай кезінен бастап балаларды табиғатты сүюге және ұқыпты ұстауға үйрету керек, өйткені бұл жаста балалар айналасындағылардың бәріне қызығушылық танытады, олар алған білімдерін мұқият тыңдайды және есте сақтайды. Біз балаларда өсімдіктер де, жануарлар да тірі тіршілік иелері деген түсінік қалыптастырамыз, олар дем алады, су ішеді, өседі, ең бастысы, адамдар сияқты ауырсынуды сезінеді. Сынған бұтақ жылап, көмек сұрайды, жыртылған жапырақтары өледі, мысықтар немесе иттер, егер олар ауырса, тырналуы немесе тістеуі мүмкін. Біз балаларды жабайы табиғатқа, табиғаттағы мінез-құлық ережелеріне қамқорлық жасауға үйретеміз. Менен неге қажет қорғауға және қамқорлық қоршаған орта туралы түсінігін, жинау болып табылады қоқыс. Бірақ сонымен бірге біз өзіміз, ересектер, балаға үлгі болуымыз керек,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:Балаларға экологиялық тәрбие беру жұмыстарын жалғастыру.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ:Кәсіподақ ұйымының жылдық жұмыс қорытындысы

СӨЙЛЕДІ:кәсіподақ ұйымының төрайымы **Н.Имамқұлова** бөбекжайда жалпы 15 қызметкерлер бар екенін, олардың барлығы кәсіподақ ұйымының мүшелері болып табылатынын айтты. Жыл бойы бөбекжай қызметкерлерінің денсаулықтарын нығайту, жұмысқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында кәсіподақ ұйымы «Мұғалімдер күні», «Жаңа жыл», «8 наурыз Халықаралық әйелдер күні», «22-наурыз» сияқты әр түрлі мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырды. .

ҚАУЛЫ ЕТТІ:Кәсіподақ ұйымының жұмысыныңдеңгейі қанағаттанарлық.

ІV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу

СӨЙЛЕДІ:шаруашылық меңгерушісі **А.Байжигитова** сөз алды. Биылғы ағымдық жөндеу жұмыстары шілде айына жоспарланып отыр. Барлық топтардың қабылдау бөлмелері мен ойын бөлмелері және асхана қайта сырланып, боялады. Учаскелерге балалар ойнайтын құм алу жоспарланып отыр,-деді.

V ТЫҢДАЛДЫ:Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай меңгерушісі **А.Т.Сарсенбаева** жазғы маусымдық жұмыстар, қызметкерлердің еңбек демалыстары туралы айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. Тазалық жұмыстары бақылауға алынсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: медбике, шаруашылық меңгерушісі, тәрбиеші көмекшілері

2. Экологиялық тәрбие бойынша жыл бойы жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, медбике, тәрбиешілер

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



А.Т.Сарсенбаева
М.Бейсенбаева